

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Ғылыми - әдістемелік кеңесінің
2020 ж. «_____» _____ мәжілісінің
№ _____ хаттамасымен
бекітілген**

**Оқу-ісі жөніндегі проректор
А. К. Хикметов**

**«Аудиовизуалдық құралдар және медиа өндірісі» білім беру
бағдарламаларының топтамасы
«Баспа ісі» білім бағдарламасы бойынша түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ 2020

Бағдарлама «7M02101 - Баспа» оқу бағдарламасының паспорты бойынша және Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жасалған.

Бағдарлама Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасы мәжілісінде қарастырылған

16.06.2020 ж. №42 Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ **А.Рамазан**

Факультеттің әдістемелік бюросында мақұлданған

23.06.2020 ж. №10 Хаттама

Әдістемелік бюро төрағасы _____ **М. Негизбаева**

Ғылыми кеңес мәжілісінде бекітілген

30.06.2020 ж. №10 Хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы

Факультет деканы _____ **С. Медеубек**

Ғалым хатшы

_____ **Р.С. Жақсылықбаева**

МАЗМҰНЫ

Магистратураға азаматтарды қабылдау тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының типтік қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Шығармашылық емтихан журналистика факультетіне «Баспа ісі» оқу бағдарламасына түсетін талапкерлердің бәріне міндетті. Шығармашылық сынақтың басты міндеті – талапкердің шығармашылық қабілетін, оның таңдаған мамандығына бейімділігін, кәсіби бағдарын, зияткерлік ой-өрісін әділетті түрде бағалау.

1. Мамандық бойынша түсу емтиханының мақсаттары мен міндеттері

- ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу мен ұйымдастыру дағдысын үйрету білімін докторантурада жалғастыру үшін ғылыми жұмысты жүргізу әдістерін меңгереді;
- баспа ісінде редакциялық-баспалық ақпараттық және маркетингтік технологияларын инновацияларын дайындап қолданысқа енгізеді;
- баспа ісі ғылымы мен педагогикалық қызметтің теориялық проблемаларын игерген кезде магистранттар өздерінің жеке теориялық және тәжірибелік даярлығын тереңдетеді;
- баспа ісі және ақпараттық салада ұйымдастырушылық және басқару қызметін табысты атқара алатын, қоғамның әр түрлі құрылымында бұқаралық ақпарат құралдары саласын зерттей алатын, тарих, еліміздің және әлемнің масс-медиясының теориясы мен практикасы туралы дәріс оқи алатын маман болып шығады.

2. Магистратураға түсуші тұлғалардың даярлық деңгейлеріне қойылатын талаптар

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

Бітірушінің түсінігі болуы керек:

- баспа ісінің қазіргі ғылыми жағдайы және оның келешек дамуы туралы;

Білуі керек: отандық және шет елдік кітап бизнесін дамытудағы қазіргі проблемалар туралы;

істей білуі керек: бұқаралық коммуникацияның және кітап саласының негізгі теорияларын; зерттеу жұмысын жасап, оны іс жүзінде қолдануды;

- ұжымды басқаруда және ұжым арасында дұрыс психология қалыптастыруды;

дағдысы болуы керек: ғылыми зерттеудің әдістерін, мақсаттарын, нәтижелерін таңдау, қолданысқа енгізу;

білікті болуы керек:

- ғылыми мәселелерді шешуде, кәсіби және ғылыми-педагогикалық қызметте; кітап ісіндегі даулы мәселелерді шешуде құқықтық-заңдық баптарды орынды пайдалану.

3. Білім беру бағдарламасының пререквизиттері

Кітап ісінің стандарттары – 5 кредит ECTS

Шетел тілі – 5 кредит ECTS

4. Шығармашылық емтихан екі кезеңде өткізіледі:

1. Жазбаша шығармашылық
2. Рефератты қорғау

Шығарма үшін ең жоғары балл саны – 35

Рефератты қорғау қорытындысы бойынша ең жоғары балл саны – 35

1 кезеңі. Шығармашылық жұмыс. Шығарма.

Шығарма аудиторияда ұсынылған үш тақырыптың біреуіне үш сағаттық уақыт ішінде жазылады. Шығармашылық жұмыстың тақырып үлгілерін шығармашылық экзаменге жауапты журналистика факультетінің оқытушысы емтихан алдындағы кеңес беру кезінде хабарлайды.

Шығармашылық жұмыс 35 баллдық жүйе бойынша қойылады. 17 баллдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

1 емтихан. Шығарма мәтінін бағалау өлшемдері:

1. Тақырыпты ашу; Тақырыпты ашудағы өзіндік ерекшелік; келтірілген фактілердің орындылығы мен нақтылығы – 15 балл.
2. Баяндаудың қисындылығы, дәйектер мен қорытындылардың сенімділігі; мәтін құрылымының нақтылығы мен мағыналылығы; баяндаудың жандылығы, бейнелілігі, әсерлігі – 10 балл
3. Жазба тілдің нормаларын меңгеруі; сөздік қордың молдығы мен әртүрлілігі, даяр сөз орамдары мен дайын сөз үлгілерінің болмауы – 10 балл.

Мәтінде көрініс тапқан тұлғалық сапа өлшемдері:

1. Ой-өріс, мәдениет, ойлай білу, білімділік деңгейі;
2. Өзіндік еркін пайымдау, авторлық ұстаным айқындылығы;
3. Қоғамдық өзекті мәселелерді айқын түсіне алуы;
4. Аңғарымпаздық;
5. Сауаттылық;

2 кезеңі. Шығармашылық жұмыс. Рефератты қорғау.

Рефератқа қойылатын талаптар:

1. Рефераттың тақырыбы мен мазмұны білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келуі керек.
2. Реферат қазақ немесе орыс тілдерінде жүргізіледі.
3. Реферат көлемі - кемінде 2 бет.
4. Аннотацияда көрсетілетін ақпарат:
 - тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы;
 - жұмыстың нысанын, тақырыбын, мақсатын және міндеттерін қалыптастыру;
 - соңғы жарияланымдар мен зерттеулерді, мәселенің шешілмеген бөлігін талдау;
 - күтілетін нәтиже, зерттеудің практикалық маңызы;

Реферат емтихан күні аудиторияда жазылады. Рефератты қорғау барысы қысқаша теориялық мазмұнды баянадаумен ұсынылады (15 мин дейін). Талапкер ұсынылған тақырып бойынша материалды еркін меңгеруі қажет: таңдаған тақырыпты аша білу, тақырыпқа байланысты мәселелерді көтеру, жұмыстың жаңашылдығын көрсету, жүргізілген әдістері мен қорытындыға ұсынылатын жұмыс барысында қарастырылған мәселелердің барлық шешімдерін көрсету. Содан кейін қосымша сұрақтар қойылады.

Шығармашылық емтиханды бағалау 35 баллдық жүйемен қойылады. 17 балдан төмен болған жағдайда – қанағаттандырылмаған болып есептеледі.

2 емтихан. Рефератты бағалау өлшемдері:

1. Мәселенің өзектілігі, эрудиция, аналитикалық ойлау, ғылыми аппаратты игеру, мәселені шешуге ұсынылған жауаптар – 15 балл;
2. Жұмыста ғылыми компоненттердің болуы, рефераттың тақырыбын ашуға арналған мәселелердің жауаптарын табу – 10 балл;
3. Өз ойын ауызша жеткізе білу, өзінің көзқарасы мен тұжырымдамаларын сенімді қорғай білу – 10 балл.

Рефератты қорғау міндетіне мыналарды анықтау кіреді:

1. Мамандық таңдаудағы саналылықпен, уәж;
2. Әлеуметтік бағыт-бағдар;
3. Баспа ісі саласы бойынша хабардарлық;
4. Талапкердің жалпы мәдени деңгейі, ой-өріс кеңдігі;
5. Талапкердің қызығушылық аясы;
6. Болашық кәсібіне қажетті қасиеттер.

Реферат тақырыптарының тізімі

1. Баспа ісінің қазіргі жүйесі.

Қазіргі баспа ісі жүйелерінің ерекшеліктері. Әр баспаға тән ерекшеліктер. Баспалардың маңызы, мақсаты және атқаратын қызметі.

2. Баспа үдерісінің негізгі кезеңдері және оның ерекшеліктері.

Баспада орындалатын технологиялық үдерістер, олардың кезеңдері. Баспада орындалатын технологиялық үдерістердің ерекшеліктері. Техникалық редакциялау (ерекшеліктері, ұстанымдары). Техникалық редактордың атқаратын қызметі. Техникалық редакциялаудың тәсілдері, маңызы және мақсаты. Техникалық редакциялауға қойылатын талаптар.

3. Әдеби редакциялау.

Әдеби редактордың атқаратын қызметі. Әдеби редакциялаудың тәсілдері, маңызы және мақсаты. Редакциялауға қойылатын талаптар.

4. Автор қолжазбасы мен баспа түпнұсқасына қойылатын негізгі талаптар.

Электронды басылымдардың ерекшелігі. Түсінігі, анықтамасы және ғылыми маңызы. Электронды басылымның болашағы. Қазақстан Республикасы Авторлық және сабақтастық құқық жөніндегі заңы - баспа ісін дамытудағы орны

5. Қазіргі полиграфия туралы жалпы түсінік.

Полиграфия өндірісіндегі қазіргі технологиялар. Олардың қуаттылығы мен қажеттілігі. Полиграфиядағы техникаға сипаттама. Полиграфиядағы негізгі процестер.

6. Кітап индустриясының проблемалары мен перспективалары.

Кітаптану негіздері. Дамуы. Қазіргі кітаптануға көзқарас. Кітап өнімін дайындаудағы негізгі процестер. Кітап шығаруға қажетті процестердің орындалу технологиясы. Баспа кітап пен электронды кітаптың айырмашылығы. Қолжазбаны қабылдау, редакциялау, өңдеу, түптеу т.б. процестер туралы мағлұмат. Кітап мәдениеті. Кітап туралы түсінік. Кітаптың маңызы, ролі, сипаты туралы мәлімет. Кітап өнімінің жіктелімі мен сипаттамасы. Кітап өнімін жіктеу, оған сипаттама беру. Жұмсақ мұқаба дайындау әдістері. Кітап құрылымына сипаттама жасау. Кітап шығару индустриясын дамытуда - аудио және электрондық басылымдар ассортименті. Әлем баспа саласын интеграциялау жолында Халықаралық кітап жәрмеңкелерінің орны

7. Кітап ісіндегі библиография.

Беттеудің техникалық ережелері. Кітап басылымының түрлерін жіктеу. «Басылым. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар» стандарты. Баспа өнімінің «міндетті даналары». Баспасөз саласының библиографиялық көрсеткіштері. (Журнал мақалаларының шежіресі, Газет мақалаларының шежіресі, Кітап шежіресі ж.б.).

8. Баспа ісінің менеджменті мен маркетингі.

Заманауи кітап жарнамасының түрлері. Нарық жағдайындағы баспа ісінің менеджменті мен маркетингінің ерекшеліктері. Қазіргі кітап нарығы жағдайында уақыт факторының маңыздылығы. Тұтынушылардың тауарға деген сұранысы. Маркетингтік зерттеулердің жаңа әдістері. Қазіргі заманғы менеджменттік ұстаным негізіндегі стратегиялар мен әдіс-амалдар. Менеджмент тұжырымдамалары. Баспа менеджменті ұғымы, баспа менеджменті концепциялары туралы. Баспаны басқарудың түрлері мен оның көп мағыналылығы. Баспа менеджменті - әлеуметтік басқарудың бір түрі. Қазіргі баспалардың жұмыс тәжірибесі. Баспа менеджментінің ұйымдастырушылық-функционалдық негіздері. Баспаның жеке құрамын басқару. Әлеуметтік құрылым және техникалық құрылым туралы. Баспаның жұмысын жоспарлау. Баспаның кірісін басқару. Кітап басып шығарудың экономикасы. Қаржы табу көздері. «Басқару әдісі» ұғымы туралы түсінік. Баспаның маркетингтік қызметі. Маркетингтің функционал-дық концепциялары және оның құралдары. Маркетингтің жалпы түрлері, қолданылу аясы. Сұранысты анықтау. Кітаптарды шығару бағдарламасы. Кітап жарнамасы. Кітап сату ұғымдарының маркетингтік қызметпен байланысы. Маркетингтің негізгі концепциялары. Маркетингтік қызмет туралы ұғым. Маркетингтің негізгі концепциялары (өнімді шығаруға бағытталған концепциялар, технологиялық концепция, өнімді өткізу концепциясы, маркетингтік концепция, әлеуметтік-этикалық

концепция). Кітап нарығындағы маркетингтік зерттеулер. Маркетингтік зерттеулердің объектілері.

9. Кітап өнімдерін сату.

Қазақстанның кітап нарығы. Көтерме сауда кітабы. Кітап жәрмеңкелері. Бөлшек кітап дүкені. Кітап дүкендері. Кітап - пошта арқылы. Кітаптарды жарнамалау. Кітап тарату жүйесін қалыптастыру. Редакциялық баспа жұмыс процесі. Баспа ісіндегі менеджмент, маркетинг және жарнама. Баспа өнімдерін жарнамалау. Тұтынушыларға ақпарат беру арқылы әсер етудің негізгі көздері. Баспаның ең басты маркетингтік құралы – жарнама. Жарнама ісіне шығармашылықпен қарау. Баспадан жарық көретін оқулықтардың жарнамасы.

10. Кітапты жарнамалаудың және оқырманға жеткізудің ұйымдастыру шаралары.

Баспа үйінің жарнамалық кампаниясы және кітап нарығының ақпараттық сүйемелдеуі. Жарнаманың жариялаудағы рөлі. Жарнамалық кампания бағдарламасы және оның нәтижесі. Бюджеттік жарнаманы есептеу. Тақырыптық жоспарлау. Өнеркәсіптік БАҚ. Каталогтар, буклеттер, ақпараттық бюллетеньдер, парақшалар, плакаттар. Теледидар және радио. Мекенжайды жіберу. Жарнамалық кампания бағдарламасын қалыптастыру. Жарнамалық компаниялардың тиімділігін бағалау. Сату арналарын ұйымдастыру және өткізуді ынталандыру. Маркетингтік жоспарлауды жариялау. Маркетингтік болжамдар.

Рефератты қорғау барысында талапкерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:

- Өмірбаяндық сұрақтар (егер олар қажет болған жағдайда);
- Талапкердің таңдаған кәсібі мен мамандығына бейінділік деңгейін, мұндай таңдаудың саналы түрде жасалғандығын анықтайтын сұрақтар;
- Талапкердің қоғамдық-саяси дайындығын айқындайтын сұрақтар;
- Өзіндік ойлау қабілеттігін айқындау сұрақтары;
- Талапкердің жалпы білім беру бағдарламасы аясындағы қоғамтану, тарих, мәдениет жайлы ой-өрісін айқындайтын сұрақтар. Талапкер тарихи, мәдени қоғамдық оқиғаларға, оған қатысушыларға деген жеке көзқарасын негіздей біліп, қоғамдағы пікірталастық мәселелерді көрсетіп, олар туралы өзіндік ой-тұжырымдарын жеткізе алуы қажет;
- Қызығушылық шеңберін, ой-өрісін, әртүрлі істерге және қызмет түрлеріне бейімділігін айқындайтын сұрақтар;
- Тұлғаның психологиялық сапасын айқындауға арналған, талапкердің мінезін бақылаумен толықтырылған (аңғарымпаздық қауымдастықшылық, образды ойлау, назарды оқиға шапшаң аудару, талдамалы ойлай білу, көркем сөйлеу, тілтабысушылық, тапқырлық т.б.) сұрақтар;

Комиссия қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда айрықша ескертулер жасайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Акопов А. И. Общий курс издательского дела : учеб. пособие / А. И. Акопов. — Воронеж : ВГУ, 2004. — 218 с.
2. Акопов В. И. Основы издательского дела: учеб.-метод. пособие / А. И. Акопов. — Ростов н/Д : Изд-во института массовых коммуникаций, 1996. — 49 с.
3. Гиленсон П. Г. Справочник художественного и технического редактора / П. Г. Гиленсон. — М., 1988.
4. Мильчин А. Э. Методика редактирования текста : учебник / А. Э. Мильчин. — М.: Логос. — 524 с.
5. Рябина Н. З. Технология редакционно-издательского процесса : учеб. пособие / Н. З. Рябина. — М. : Университетская книга, 2008. — 256 с.

6. Эриашвили Н. Д. Книгоиздательство: менеджмент и маркетинг : учеб. пособие. — М., 1998.
7. Энциклопедия книжного дела / Ю.Ф. Майсурадзе, А.Э. Мильчин, Э.П. Гаврилов [и др.]. — 2-е изд., перераб. и доп. — М. : Юристъ, 2004. — 634 с. История книги и издательского дела. — Л., 1997.
8. Мильчин А. Э. Издательский словарь-справочник / А. Э. Мильчин. — М. : Юрист, 2008.
9. Мильчин А. Э. справочник издателя и автора. Редакционно-издательское оформление издания / А. Э. Мильчин, Л. К. Чельцова. — М. : Олимп ; ООО «Издательство АСТ», 1999. — 688 с.
10. Настольная книга издателя / Е. В. Малышкин, А. Э. Мильчин, А. А. Павлов, А. Е. Шадрин. — М. : ООО «Издательство АСТ» ; ООО «Олимп», 2004. — 811 с.
11. Ситников В. П. Издательское дело : Основы, история, взаимосвязь техники и технологии / В.П. Ситников. — М., 2002.
12. Ленский Б.В. Современное отечественное и зарубежное издательское дело. — М., 2013. — 258 с.

Қосымша әдебиеттер:

13. Рябинина Н.З. Технология редакционно-издательского процесса. — М.: Логос, 2008
14. Акопов А.И. Основы издательского дела. Учебное пособие для студентов, обучающихся по специальности «журналистика». - Тольяттинский государственный университет. - Тольятти, 2005
15. Энциклопедия книжного дела/ Ю.Ф. Майсурадзе Э.П. [и др.] М.: Юрист, 1998. 536с.
16. Глумаков В.Н., Егорова Е.Б. Подготовка рукописи к изданию. – М.: Вузовский учебник, 2009.
17. Гордон Грэм. Книжный бизнес. Практика книгоиздания и книжной торговли: пер. с англ. М.: Росконсульт, 1999.
18. Интеллектуальная собственность. слов. справ. М.: 1995.
19. Книгоиздательский бизнес. сборн. ст. /пер. с англ. Б. Ленского. М.: 1993.
20. Книжный маркетинг: рук/во к действию //пер. с англ. Б.Ленского И., 1996.

Бағалардың саралануы төмендегідей:

- 35-30 балл комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толық, негізді, дәйекті түрде өте жақсы жауап берген талапкерге қойылады;
- 29-17 балл – сұрақтардың көпшілігіне жауап берген, бірақ зияткерлік қабілетін жарқын түрде таныта алмаған, журналистік мамандықтың табиғатын түсінетін, білім деңгейінің жақсы екенін танытқан талапкерге қойылады;
- 16-6 балл – айтарлықтай толық жауап бере алмаған (жауаптан ауытқыған), журналистік кәсіп туралы түсінігі үстіртін, БАҚ дамуы туралы жағдайды және жекелеген авторлардың шығармашылығын орынды бағалай алмаған талапкерге қойылады.
- 5 баллдан төмен «қанағаттанарлықсыз» - комиссия мүшелерінің сұрақтарының көпшілігіне дерлік жауап бермеген, таңдаған мамандығы туралы түсінігі өте нашар, аймақтағы (қаладағы) әлеуметтік-саяси жағдаймен нақты таныс емес, оқығаны аз талапкерге қойылады.

Шығармашылық емтихан шығармашылық немесе кәсіби бағыттық емтихан болып табылады. Бағалар талапкерлерді конкурстық іріктеу кезінде баллдың жалпы санына кіргізіледі.